

**Аудан әкімінің міндетін атқарушы Р.Зұлқашевта өткен кеңестің
ХАТТАМАСЫ**

Сайқын ауылы

№ 1

30 наурыз 2017 жыл

Қатысқандар: (тізім бойынша)

Күн тәртібі:

**Санитарлық-экологиялық айлықты дайындау және өткізу жөніндегі
кейбір мәселелер туралы**

(Б. Г.Бисенғалиев, А.Ершов)

1. Елді мекендер мен оларға іргелес жатқан жерлерді абаттандыру, көгалдандыру, санитарлық тазалау үшін 2017 жылдың 12 сәуір және 12 мамыр аралығы кезеңінде аудандық санитарлық-экологиялық айлық өткізу жөнінде қажетті шаралар алынсын.

2. Санитарлық-экологиялық айлықты өткізу кезеңінде елді мекендерді көгалдандыру бойынша «Бүкіл Қазақстандық орман отырғызу күні» акциясы 22-сәуірде ұйымдастырылсын.

3. Осы хаттаманың 1-4 қосымшаларына сәйкес санитарлық-экологиялық айлықты ұйымдастыру және өткізу жөніндегі жұмыс тобы құрылсын, аудандық санитарлық-экологиялық айлықты өткізу жөніндегі іс-шаралар, санитарлық-экологиялық айлықты ұйымдастыру және өткізу жөніндегі жұмыс тобының жұмыс жоспары бекітілсін.

4. Ауылдық округтері әкімдері мен мекеме басшылары:

1) айлық аясында қарастырылған іс-шаралардың орындалуын ұйымдастыруды;

2) айлықтың өту барысын үнемі бақылауды;

3) айлықтың қорытындыларын бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жариялауды;

4) ұсынылып отырған нысанға сәйкес аудан әкімдігіне айлық шараларының орындалуы туралы 2017 жылдың 24 сәуіріне аралық ақпаратты, 2017 жылдың 11 мамырына қорытынды ақпаратты беруді қамтамасыз етсін.

5. Бөкей ордасы ауданы әкімі аппаратының басшысы Е.Айтқалиев айлықтың өту барысын байқау мақсатында құрылған топтардың аудандарға шығуын ұйымдастырсын.

6. Осы хаттамалық шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Аудан әкімінің
міндетін атқарушы



Р.Зұлқашев

**2017 жылғы 30 наурыздағы
№ 1 кеңес хаттамасына
1-ҚОСЫМША**

**Аудандық санитарлық-экологиялық айлықты ұйымдастыру және өткізу жөніндегі
жұмыс тобының
ҚҰРАМЫ**

- | | |
|-------------------------------------|--|
| Зұлқашев Рүстем Мүлқайұлы | - Бөкей ордасы ауданы әкімінің орынбасары, жұмыс тобының төрағасы |
| Бисенғалиев Гариполла Қитешұлы | - БҚО экология Департаментінің Бөкей ордасы ауданы бойынша мемлекеттік инспекторы, жұмыс тобы төрағасының орынбасары |
| Ершов Асылбек Болатқалиұлы | - Бөкей ордасы ауданы әкімі аппаратының ТЖЖ бас маманы, жұмыс тобының хатшысы |
| Жұмыс тобының мүшелері: | |
| Насимуллин Бисенбек Жамбылұлы | - Бөкей ордасы ауданының ТҮКШ,ЖКЖАЖБ басшысы |
| Хайруллин Суюнбек
Жексенбайұлы | - Бөкей ордасы ауданының ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы |
| Габбас Әділгерей Уалиұлы | - «Бөкей ордасы АОА» ШЖҚ МКК директоры (келісім бойынша) |
| Иманбаев Ержан Мақсотұлы | - Бөкей ордасы ауданының білім беру бөлімінің басшысы |
| Ажғалиев Асқар Ғайноллаұлы | - Бөкей ордасы ауданының ішкі саясат бөлімінің басшысы |
| Құсайынов Нұрқайыр
Ғайноллаұлы | - Бөкей ордасы ауданының ветеринария бөлімінің басшысы |
| Журалиев Ерлан Шалбайұлы | - Батыс Қазақстан облысының ішкі істер департаменті Бөкей ордасы ауданының ІІБ-нің Жергілікті полиция қызметінің бастығы (келісім бойынша) |
| Рамазанова Света Кадемиқызы | - Бөкей ордасы ауданы бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының басшысы (келісім бойынша) |
| Айтқалиев Әлібек Қанатбайұлы | - Бөкей ордасы ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы |
| Бисенов Бауыржан Махутұлы | - «Орда жұлдызы» газетінің редакторы (келісім бойынша) |
| Қарағойшин Берхайыр
Мұқанғалиұлы | - Бөкей ордасы ауданының халықты жұмыспен қамту орталығының директоры |
| Кенжеғалиев Махамбет Елдосұлы | - «Казсушар» РМК БҚО филиалының аудандық өндірістік учаскесінің бастығы (келісім бойынша) |
| Аққалиев Мейрамбек
Сағынғалиұлы | - Сайқын ауылдық округінің әкімі |
| Сисенов Медет Исаұлы | - Орда ауылдық округінің әкімі |
| Қапизова Сымбат Рафхатқызы | - Мұратсай ауылдық округінің әкімі |
| Саматов Қайырсапа Саматұлы | - Бисен ауылдық округінің әкімі |
| Уразгулов Бакытжан Аманғалиұлы | - Ұялы ауылдық округінің әкімі |
| Қитанов Меңдибай | - Т.Масин ауылдық округінің әкімі |
| Сабиров Нүркен Қайроллаұлы | - Саралжын ауылдық округінің әкімі |

2017 жылғы 30 наурыздағы
№1 кеңес хаттамасына
2-ҚОСЫМША

**Аудандық санитарлық-экологиялық айлықты өткізу жөніндегі
ІС-ШАРАЛАР**

Шаралардың атауы	Жауапты орындаушы	Орындалуын бақылау	Мерзімі	Аяқталу нысаны	Тиімділігі
1. Ұйымдастыру-басқару шаралары					
Санитарлық-экологиялық айлықты ұйымдастыру мен өткізу жөнінде жұмыс тобын құру, айлық кезеңіне нақты іс-шараларды әзірлеу	Аудан әкімдігі, ауылдық округтері әкімдері, кәсіпорын және ұйымдардың басшылары	Бөкей ордасы бойынша мемлекеттік экологиялық инспекторы	1 сәуірге дейін	Айлықты өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары	Айлықты өткізу жөніндегі ұйымдастыру-басқару шаралары
Ауылдық ҚТҚ полигондары иелерінің полигондарды пайдалануы үшін қажетті құжаттарын рәсімдеу бойынша жұмыстарын ұйымдастыру (жер телімдерін бөлу туралы құжаттар, эскизді жобалар, жер бөлу туралы шешімдер, мемлекеттік экологиялық сараптама және мемсанэпидқадағалау қорытындылары)	Ауылдық округтердің әкімдері	Бөкей ордасы ТҮКШ,ЖКЖА ЖБ	Айлық барысында	Ауылдық округтері әкімдерінің шешімі	Ұйымдастырылған ауылдық коқыстарды ретімен пайдалану
Ауылдық ҚТҚ-ның ұйымдастырылған көң-коқыстарына кадастрлық істер дайындау	Ауылдық округтердің әкімдері	Бөкей ордасы бойынша мемлекеттік экологиялық инспекторы	Айлық барысында	Аудандық жұмыс тобына есеп беру	Қалдықтар қозғалысын есепке алу
Ластану аймақтарының тізілімін өзгертулерді есепке ала отырып жаңарту.	Ауылдық округтердің әкімдері	Бөкей ордасы бойынша мемлекеттік экологиялық инспекторы	Айлық барысында	Аудандық жұмыс тобына есеп беру	Қалдықтар қозғалысын есепке алу
Қауіпті қалдықтардың паспорттарын әзірлеу және тіркеуден өткізу	Ауданның табиғат пайдаланушылары	Бөкей ордасы бойынша мемлекеттік	Айлық барысында	Аудандық жұмыс тобына есеп беру	Қалдықтардың жиналуы мен қозғалысын есепке

		экологиялық инспекторы			алу
«Үздік көше», «Үздік аула», «Үздік елді мекенді» анықтау	Ауылдық округтер әкімдері	Аудан әкімдігі	Айлық барысында	Аудандық жұмыс тобына есеп беру	Елді мекендер аумағын тазарту және көгалдандыру
Жал қорымдарын ретке келтіру бойынша жұмыстарды жүргізу	Ауылдық округтер әкімдері	Аудан әкімдігі	Айлық барысында	Аудандық жұмыс тобына есеп беру	Қоршаған ортаны ластауды болдырмау

2. Әкімшілік-шаруашылық шаралары

Ауылдықтарды, су тасу көлігін, қоғамдық орындарды, су құбырларын жуу және дезинфекциялау	Ауылдық округтер әкімдері, сумен қамту объектілері бар мекемелер басшылары	Бөкей ордасы аудандық ТҚҚБ	Айлық барысында	Орындалған жұмыстар актілері	Ауыз судың МЕМСТ талаптарына сапасын қамтамасыз ету
Ауылдық елді мекендердегі иесіз құрылыстарды түгендеу және кейіннен жою	Ауылдық округтер әкімдері	Бөкей ордасы ТҮКШ, ЖКЖА ЖБ	Айлық барысында	Орындалған жұмыстар актілері	Қоршаған ортаны ластауды болдырмау
Су қорғау аймақтарынан ластаушы нысандарды шығару, оларды санитарлық тазалау	Мұратсай ауылдық округі әкімі	Бөкей ордасы ТҮКШ, ЖКЖА ЖБ	Айлық барысында	Аудандық жұмыс тобына есеп беру	Су қорларының ластануына жол бермеу
Ауылдастырылған қоқыс үйінділерін санитарлық-экологиялық талаптарға сай тастайластыру	Ауылдық округтер әкімдері	Бөкей ордасы бойынша мемлекеттік экологиялық инспекторы	Айлық барысында	Аудандық жұмыс тобына есеп беру	Қоршаған ортаның ластануына жол бермеу
«Бүкіл қазақстандық орман отырғызу күні» акциясының шеңберінде елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру бойынша аудандық әкімшілік өткізу.	Аудан әкімдігі және ауылдық округтер әкімдері, заңды және жеке тұлғалар	Аудан әкімдігі	22 сәуір	Аудандық жұмыс тобына есеп беру	Елді мекендер аумағын көгалдандыру
Ауыл мекендерінде бұталар мен ағаштар отырғызу, саябақтар, гүлзарлар мен жайықшалар жасақтау	Аудан әкімдігі және ауылдық округтер әкімдері, заңды және жеке тұлғалар	Аудан әкімдігі	Айлық барысында	Аудандық жұмыс тобына есеп беру	Елді мекендер аумағын көгалдандыру
Орманмен жабылған аумақтардың ауданын арттыру (құм тоқтату, жол бойында орман шалғындарын отырғызу, өрттен кейін орман	Орда орман шаруашылығы	Аудан әкімдігі	Жұмыс кестесіне сәйкес	Орындалған жұмыстар актілері	Жерді құрғақшылықтан қорғау

ектерін қалпына келтіру)					
Бүкіл қазақстандық орман отырғызу ні»» акциясын қорытындылау және стар арасында мәдени-көпшілік раларды ұйымдастыру	Ауылдық округтері әкімдері	Аудан әкімдігі	22 сәуір	БҚОТР ТПРБ - на ақпарат беру	Санитарлық жағдайдың жақсаруы, жер ресурстарының ластануын болдырмау.
ол жиегінде және темір жол бойындағы ман жиектерін санитарлық тазалау	Ауылдық округтері әкімдері, РФ «Ресей темір жолы» Сайқын учаскесі	Аудан әкімдігі	Айлық барысында	Аудандық жұмыс тобына есеп беру	Санитарлық жағдайдың жақсаруы, жер ресурстарының ластануын болдырмау.
Әкей ордасы аумағының елді мекендерді көгалдандыру және жасыл аймақ құру ірілік бағдарламасына сәйкес парктер мен аябақтарды қайта жаңарту жобалық- металық құжаттамаларын әзірлеу, бекіту, құру жұмыстарын жүргізу	Аудан әкімдігі және ауылдық округтері әкімдері	Аудан әкімдігі	Айлық барысында	Аудандық жұмыс тобына есеп беру	Елді мекендер аумағын көгалдандыру
Әкей ордасы аумағының елді мекендерді көгалдандыру және жасыл аймақ құру ірілік бағдарламасына сәйкес далалық дестірулер бойынша жер учаскелеріне құқық белгілейтін құжаттарды рәсімдеуге, орман екпелерін отырғызуға жобалар әзірлеу	Аудан әкімдігі және ауылдық округтері әкімдері	Аудан әкімдігі	Айлық барысында	Аудандық жұмыс тобына есеп беру	Елді мекендер аумағын көгалдандыру
3. Экологиялық тәрбие беру және оны насихаттау					
Айлық кезінде аула, көше, елді мекендерді тазалау және абаттандыру, аумақты санитарлық тазалау бойынша экологиялық акциялар (сенбіліктер және т.б.) өткізу	Аудан әкімдігі және ауылдық округтер әкімдері, заңды және жеке тұлғалар	Аудан әкімдігі «Орда жұлдызы» газеті	Айлық барысында	БҚОТР ТПРБ - на ақпарат беру	Тұрғындарға экологиялық тәрбие беру
Құжым нәтижелерін БАҚ-та жариялау, ауданның елді мекендерін санитарлық тазалау мен абаттандыру жөнінде мақалалар жариялау, үгіт-насихат үнғарақтарын, плакаттарды шығару	Аудан әкімдігі және ауылдық округтер әкімдері, заңды және жеке тұлғалар	Бөкей ордасы ІСБ «Орда жұлдызы» газеті	Айлық барысында	БҚОТР ТПРБ - на ақпарат беру	Тұрғындарға экологиялық тәрбие беру

керту:

Бөкей ордасы аудандық ТҚҚБ - Бөкей ордасы аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы

ҚОТР ТПРБ - Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы

Бөкей ордасы ауданының ІСБ – Бөкей ордасы ауданының ішкі саясат бөлімі

Бөкей ордасы ауданының ТҮКШ,ЖКЖАЖБ- Бөкей ордасы ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және

автомобильдер жолдары бөлімі

ТҚ-қатты тұрмыстық қалдықтар

2017 жылғы 30 наурыздағы
№1 кеңес хаттамасына
3-ҚОСЫМША

Санитарлық-экологиялық айлықты ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі жұмыс тобының
ЖОСПАРЫ

Шараның атауы	Жүргізілу күні	Дайындауға жауаптылар	Орындаушылар
2	3	4	5
1.1. Айлықтың өту барысын БАҚ-тарда жариялау. 1.2. Айлықтың мақсаты мен міндеттерін аудан тұрғындарына, ұйымдар мен кәсіпорындарға түсіндіру. 1.3. Ауданның жеке және заңды тұлғаларын, тұрғындарын, қоғамдық ұйымдар мен жастарды айлыққа қатысуға жұмылдыру	Айлық барысында	Аудан әкімдігі және ауылдық округтері әкімдері, айлықты ұйымдастыру және өткізу бойынша жұмыс тобының мүшелері	Ауылдық округ әкімдері, кәсіпорындар мен ұйымдар басшылары
Айлықтың қортындысын шығару	Қажеттілігіне қарай	Айлықты ұйымдастыру және өткізу бойынша жұмыс тобының мүшелері	Ауылдық округ әкімдері, кәсіпорындар мен ұйымдар басшылары

**2017 жылғы 30 наурыздағы
№ 1 кеңес хаттамасына
4-ҚОСЫМША**

**2017 жылдың 12 сәуірі мен 12 мамыр аралығында өтетін санитарлық-экологиялық
айлықтың өтуі туралы есеп**

№	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Саны		
			24.04.17ж.	01.05.16ж.	11.05.17ж.
1	Айлыққа қатысқан кәсіпорындардың саны	дана			
2	Түтін мен зиянды заттардың шығуы жөнінен тексерілген автомашиналардың саны	дана			
	Соның ішінде шығарындылардың көбейгені анықталғаны	дана			
3	Жер бетіндегі және жер астындағы су тартқыштардың жайластырылуы	дана/л/сек			
4	Салынған мал қорымы	дана			
5	Жайластырылған мал қорымы	дана			
6	Жер құбырындағы сулардың санитарлық қорғау белдемінен шыққан су қоймаларының қорғау аймағынан шығарылған ластану объектілерінің саны	дана			
7	Жөнделген ШГҰҚ (шаң газ ұстағыш қондырғылар) саны, соның ішінде тиімділігі тексерілгені	дана/дана			
8	Тазалау жабдыктарының соның ішіндегі жұмыстағы тиімділігін арттыру бойынша жүргізілген шаралардың саны	дана			
9	Жайластырылған септиктердің саны	дана			
10	Улы химикаттар мен минералды тыңайтқыштарды сақтайтын орынның жайластырылғаны	дана			
11	Ұйымдастырылған кенттік көң-қоқыстарға әзірленген және тіркеуден өткізілген кадастрлық істер саны	дана			
12	Қауіпті қалдықтардың әзірленген және тіркелген паспорттарының саны	дана			
13	Ластану аймақтарының әзірленген паспорттарының саны	дана			
14	Қайталама тапсырылған темір-терсектер	тонна			
15	ҚТҚ полигонын ретке келтіру жөнінде өткізілген жұмыстар саны	дана			
16	Кездейсоқ қалыптасқан үйінділердің жойылғаны, барлығы:	га /тонна			
	Соның ішінде				
	а) су қорғау белдемінде	га /тонна			
	б) елді мекендерде	га/тонна			
17	Ағаш егу жұмыстарының орындалуы	га			
18	«Жасыл жапырақ-Зеленый лист» акциясы бойынша отырғызылған ағаштар саны	мың дана			
19	Елді мекендерді көгалдандыру жұмыстарының жүргізілуі (көшеттердің отырғызылуы)				
20	Бақтар мен гүлзарлардың салынуы	дана/га			
21	Жасанды ұялардың орнатылуы	дана			
22	Елді мекендерді көркейту жөнінде төленетін қоғамдық жұмыстарға тартылған адамдар саны	адам			
23	Экологиялық сенбіліктер өткізу және оған қатысқан халықтың саны	дана/мың адам			
24	Экологиялық ағарту жұмыстарын кеңейтуде кең көлемде шаралар және семинарлар, конференциялар т.б өткізілуі	дана			
	оларға қатысқандары	мың адам			
25	Балалар суреттерінің көрмесі және т.б. сайыстардың өткізілуі	дана			
26	Баспасөз беттерінде экологиялық тақырыпта жарияланған мақалалар	дана			
27	Радио және теледидардан экологиялық тақырыпта берілген хабарлар	дана			
28	Айлықты жүргізу барысындағы заң бұзушылықтардың анықталуы	дана			
29	Әкімшілік айыппұлдардың салынуы	дана/мың тг			
30	Қоршаған ортаны ластауға талаптың рәсімделуі	дана,мың/тг			
31	Экологиялық мақсаттағы қаржының игерілуі	мың теңге			